

**"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне терроршылдыққа қарсы күрес мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 23 шілде N 989

Ескерту. Жоба Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінен кері қайтарып алынды 2001.11.16. N 1459 қаулысымен.

P 0 1 1 4 5 9 \_

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне терроршылдыққа қарсы күрес мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің карауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне терроршылдыққа қарсы күрес мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне толықтырулар енгізілсін:

1. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне К970167\_ (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 211-күжат; 1998 ж., N 16, 219-күжат; N 17-18, 225-күжат; 1999 ж., N 20, 721-күжат; N 21,

774-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 жылғы 17 наурызда "Егемен Қазақстан" және 2001 жылғы 20 наурызда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне ұйымдасқан қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 наурыздағы Z010163\_ Заңы; 2001 жылғы 20 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне көші-қон мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 наурыздағы Z010164\_ Заңы):

мынадай мазмұндағы 233-1-баппен толықтырылсын:

"233-1-бап. Терроршылдық актілерді жасауға насихаттау және ашық шақыру

1. Терроршылдық актісін жасауға насихаттау және ашық шақыру - үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып, не қоғамдық

бірлестіктің басшысы, не бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып жасалған нақ сол әрекеттер -

екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады".

2. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексiне

Z 9 7 0 2 0 6 \_

(Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 1997 ж., N 23, 335-құжат, 1998 ж., N 23, 416-құжат, 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 141-құжат; 2001 жылғы 17 наурызда "Егемен Қазақстан" және 2001 жылғы 20 наурызда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне ұйымдасқан қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 наурыздағы

Z 0 1 0 1 6 3 \_

Заңы):

192-баптың 1-бөлігі "233" деген саннан кейін "233-1" деген санмен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК